

Триатлоннан Азия Кубогының кезеңін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 6 шілдедегі N 196-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің және Азия триатлон конфедерациясының 2004 жылғы 9-12 шілдеде Ақмола облысының Бурабай кентінде триатлоннан Азия Кубогының (бұдан әрі - Азия Кубогы) кезеңін өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Азия Кубогына дайындық пен оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі мен Ақмола облысының әкімі Қазақстан Республикасының Триатлон федерациясымен келісім бойынша Азия Кубогына дайындық пен оны Ақмола облысының Бурабай кентінде өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің сақталуын, қатысушылар мен ресми адамдар тұратын және жарыстар өтетін жерлерде олардың қауіпсіздігін, Азия Кубогына қатысушы шетелдік азаматтардың Бурабай кенті мен Щучье қаласының қонақ үйлерінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі Азия Кубогына дайындық пен оның өту барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария етуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі берген тізім бойынша Азия Кубогына қатысушылар мен ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азия Кубогына қатысушыларды олардың болатын жерлерінде көлік қызметімен қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

8. Азия Кубогына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру 2004 жылға арналған республикалық бюджетте осы іс-шаралардың орындалуына жауапты тиісті мемлекеттік мекемелерге - бағдарламалардың әкімшілеріне көзделетін қаражат шегінде жүзеге асырылсын.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2004 жылғы 6 шілдедегі
№ 196 өкімімен
бекітілген

**Триатлоннан Азия Кубогының кезеңіне дайындық пен оны өткізу жөніндегі
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Тұрлыханов - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт
Дәулет Болатұлы жөніндегі агенттігінің төрағасы, төраға
Есенбаев - Ақмола облысының әкімі, төрағаның
Мәжит Төлеубекұлы орынбасары
Кулагин - Қостанай облысының әкімі, Қазақстан
Сергей Витальевич Республикасы Триатлон федерациясының
құрметті президенті
Әкімов - Ақмола облысы Щучье қаласының әкімі
Рашид Қайыржанұлы
Мурзин - Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары,
Айдар Хамзаұлы Қазақстан Республикасы Триатлон
федерациясының президенті
Ақанов - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Айқан Ақанұлы сақтау бірінші вице-министрі
Зверьков - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Вадим Павлович министрінің орынбасары
Қошанов - Қазақстан Республикасының Көлік және
Ерлан Жақанұлы коммуникациялар вице-министрі
Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Иван Иванович бірінші вице-министрі
Рябченко - Қазақстан Республикасының Ақпарат
Олег Григорьевич бірінші вице-министрі
Ахметов - Ақмола облысы Туризм және спорт
Қанат Ахметұлы басқармасының бастығы
Төкеев - Қазақстан Республикасының Туризм және
Серік Адамұлы спорт жөніндегі агенттігі ұлттық штаттық
командалар және спорттық резерві
дирекциясының басшысы